

**ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, АГРОХИМИЯ, КОРМОПРОИЗВОДСТВО,
АГРОЭКОЛОГИЯ, ЛЕСНОЕ ХОЗЯЙСТВО**

ӘОЖ 630.266

Абжанов Т.С., Боранбай Ж.Т., Нурушев А.Х., Сейдабзалов Н.Б.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ТАНАП ҚОРҒАНЫШТЫҚ ОРМАН
АЛҚААҒАШТАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУ ЖАҒДАЙЫ**

Андатпа

Белгілі бір жердің топырақ-климаттық жағдайы ерекшеліктеріне көңіл бөлінген, жеке ағаштар мен бұталардың биологиялық қасиеттері ескерілмей танап жиектеріне қорғаныштық орман жолақтарының түр құрамы мен құрылым сұлбаларының ұтымды ұсыныстарын жасау қиын.

Кілт сөздер: қорғаныштық орман, түр құрамы, татар үйеңкісі, қотыр қайың, шаған жапырақты үйеңкі.

Қазақстанда қорғаныштық мелиоративті орманшылықтың дамуына көп үлесін ғылыми зерттеу институттары және тәжірибелік мекемелер қосты.

Осы мекемелердің мәліметтерін талдау барысында келесідей тұжырымдар айтуға болады, қазіргі кезде екпе орман отырғызуға қажетті топырақ дайындау агротехникасы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік мекемелермен толығымен зерттелген және шешілген, бірақ әр жердің топырақ-климаттық жағдайына байланысты, биологиялық тұрақты танап қорғаныштық орман алқаағаштарына ағаш тұқымдастарын таңдау және құрылым сұлбаларын құру мәселелері шешілмеген.

Көбінесе Солтүстік Қазақстан облыстарындағы қорғаныштық мелиоративті алқаағаштары, биологиялық тұрақсыз және экологиясына бейімделмейтін ағаш және бұталар түрлерінен құралған (ұсақ жапырақты шегіршін, бальзамды терек, жіңішке жапырақты жиде, т.б.) [1].

Қазіргі кезде ағаш және бұталардың жақсы бейімделуіне негізгі факторлардың бірі сол жердің экологиялық жағдайының әсері екені белгіленген. Соңғы кезде ағаш-бұталы тұқымдастардың әр түрлі жағдайда өсуіне көп көңіл бөлінеді.

Ауылшаруашылық аймақтарында орман жолақтары белгілі бір жүйеде орналасқан кезде, өзінің қызметтерін өте жақсы орындайды. Аталған жүйені жобалау үшін келесі мәліметтерді білген жөн: берілген топырақ-климат жағдайында қандай ағаш сүректері жақсы өседі немесе нашар өседі және қалыптасқан жастарында қанша биіктікке жетеді. Бурабай ауданының танап қорғаныштық орман жолақтарының биіктігін және жағдайын зерттеу нәтижесінде, бальзамдық теректер отырғызылған орман жолақтарында ең жоғары желден қорғаныштық қасиеттері бар екендігі анықталды [2]. Ағаштарды сирек бірқалыпты орналастырғанда, терек-шегіршін, қайың және басқа сүрек ағаштармен салыстырғанда тез өседі және өміршеңдігі ұзақ.

Қорғаныштық орман жолақтары өзінің мелиоративтік әсерін жүйелі түрде құрған кезде және орналасқан территориясына қажетті көлемде орналасса және бір-бірімен тығыз байланыста болса, қорғаныштық қарқындылығы өте жоғары болады. Алқап қорғаныштық орман жолақтарын орналастыруда келесідей талаптар қойылады: ауыл шаруашылық

дақылдарын, егісін және топырақты жер эрозиясынан, құрғақшылықтан және қатты желдерден қорғау қажет.

Ағаштар мен бұталы тұқымдастардың биологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін, бірнеше жылдар ішінде Бурабай ауданындағы танап қорғаныштық алқаағаштарына бақылаулар жүргізіліп, олардың жапырақтардың шыға басталуы, жалпы жапырақпен жамылу уақыты, гүлдеуі және жемістер жетілуі бекітілді, белгілі бір ағаш не бұтаның қай жастан жеміс беруі анықталды, жеміс беру ерекшеліктері, жапырақтар сарғаю уақыты, жапырақтар түсуінің басталуы және аяқталуы бекітілді.

Бурабай ауданындағы танап қорғаныштық алқаағаштардағы сынақ алаңдарындағы сүрек ағаштарының таксациялық көрсеткіштерін келесі кестеден (1-кесте) көруге болады.

Кесте 1– Сүректі қорғаныштық орман алқаағаштарының таксациялық көрсеткіштері

Сүрек ағаштары	Жасы, жыл	Биіктігі, см	Диаметрі, см	Биіктікке орташа өсімі, см
Бальзамдық терек	14	675	12,6	48
Ұсақжапырақты шегіршін	13	528	7,43	40
Қотыр қайың	12	425	4,74	40
Кәдімгі шегіршін	13	397	4,82	30
Шаған жапырақты үйеңкі	13	361	6,64	28
Татар үйеңкісі	11	142	-	13

Атап көрсетілген сүрек ағаштарының ішінен, теректен басқа, ұсақ жапырақты шегіршін мен қотыр қайыңға да көңіл аударған жөн. Ұсақжапырақты шегіршін жас кезінде жақсы өседі, қуаңшылыққа тұрақты және топырақ тұздалуына төзімді. Бірақ жыл сайын шегіршіннің жас өркендері үсіп кетеді, ал 15 жастағы орман жолақтары құрғап сола бастайды.

Қотыр қайың қара сұр топырақта жақсы өседі, бірақ ауылшаруашылық алқаптарында қолданылатын гербицидтерден қатты зардап шегеді.

Кәдімгі шегіршін құрғақ далада жақсы өседі, бірақ голланд ауруына тез шалдығады, өміршеңдігі қысқа және қояндармен зақымдалады.

Шаған жапырақты үйеңкі – топыраққа талғамды емес, бірақ биіктікке нашар өседі және қар басудан зақымдалады.

Татар үйеңкісі – бұта тәрізді, оны орман жолағының шеткі қатарларына отырғызады. Ақмола облысының аймақтарының қара сұр топырақтарында алқапқорғаныштық орман дамытудың ағаш сүректерінің ассортиментін ұлғайту, тек қана құрамы механикалық жеңіл топырақтарда қарағайларды отырғызу арқылы іске асады. Қазіргі зерттеулер деңгейі қалған аймақтардағы орман жолақтарына бальзамдық терек, ұсақжапырақты шегіршін және гербицид қолданысы шектелген жерлерде қотыр қайың енгізуді ұсынады.

Шахмат тәрізді құралған орман жолақтарының қорғаныштық әсерінің алыстығы, жел соқпайтын жаққа 20-25 алқаағаш биіктігі, жел соғатын жаққа 5-8 биіктікті құрайды. Орташа есеп нәтижелері бойынша орман жолақтарының қорғаныштық әсері екі жаққа жайылады және әсер алыстығы қорғаныш алқаағаштың 30 есе көбейген биіктігіне тең болады.

Теректен құралған орман жолақтарының арақашықтығы 250 м, басқа сүректі ағаштарда – 150 м, максимум 200 м және теректер жасы 15-20 жыл, биіктігі 8 м, ал ұсақ жапырақты шегіршін биіктігі 4,5-5 м болған жағдайда, орман жолақтарының алқап қорғаныштығы ең жоғары болады.

Ақмола облысының көптеген ауылдарындағы алқаптардың пішіні шаршы түрінде алынған (2x2 м). Берілген жолақ аралық арақашықтық бойынша ауданы 400 га алқапта, теректен 8 жолақ және шегіршін мен қайыңнан 100 жолақ құру және өсіру керек.

Жолақ ені 12 м болғанда (әр жағынан 3 м шегін қосқанда) терек алқағаш жолақтары алқап аумағының 19,2 га немесе 4,7 % жерін алады.

Агроорман мелиоративтік алқағаштарын ауыспалы егістік алқаптарында орналастырған жөн. Бұл орман отырғызуда жерді өңдеуді жеңілдетеді, бір жағынан егістің өнім беруін 30 %-дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді [3].

Әдебиеттер

1. Грибанов Л.Н. Некоторые вопросы биологии возобновления сосны и хозяйства в степных борах Казахстана. Труды института водного и лесного хозяйства. Алма-Ата. 1956. Т.1 С. 155-182.

2. Нурушев А.Х. Ақмола облысы Бурабай ауданының қорғаныштық алқағаштарының ландшафттық-экологиялық маңызын зерттеу. Магистрлік дисс. 2013 ж. 82бет.

3. Рекомендации по повышению эффективности, устойчивости и долговечности агролесомелиоративных и защитно-декоративных насаждений на низкоплодородных почвах Северного и Западного Казахстана. / Алматы, 2011 – С. 3 - 27

Т.С. Абжанов, Ж.Т. Боранбай, А.Х. Нурушев, Н.Б. Сейдабзалов

СОСТОЯНИЕ РАСПОЛОЖЕНИЯ ПОЛЕ ЗАЩИТНЫХ ЛЕСНЫХ НАСАЖДЕНИЙ НА ТЕРРИТОРИИ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Акклиматизировать можно только те растения, которые происходят из исходного климата. Создание искусственных популяций редких и исчезающих видов в природных биотопах осуществляется путем посадки взрослых генеративных экземпляров, посевом семян и посадки рассады, выращенной в питомниках.

Ключевые слова: клен татарский, береза повислая, клен ясенелистный.

T.S. Abzhanov, Zh.T. Boranbai, N.B. Seidabzalov, A.X. Nurushev

CONSERVED OF LOCATION OF FIELD PROTECTIVE FOREST PLANTATIONS ON TERRITORIES OF THE AKMOLA REGION

Acclimate one can only those plants which occur from the source climate. Erect artificial populations of rare and disappearing species in nature biotopes of is carried out through planting adult generative shoots, by sowing seeds and to planting seedlings, farmed in nurseries.

Keywords: acer tataricum, betula verrucosa, acer negundo.